

# Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 11(541) 19 желтоқсан 2023 жылы

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, СҮЙІКТІ СТУДЕНТТЕР, ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР!

Баршаңызды еліміздің ең ұлық мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын!

Рухы биік халқымыз тар жол тайғақ кешіп, қаншама зұлмат заманды бастан өткерсе де, азаттықтың ақ туын желбіретіп, әрбір күні тәуелсіздіктің таңын қарсы алатын сәтке жетті. Бұл - біздің ең үлкен байлығымыз!

Егемендіктің желі ескеннен бері Қазақстан қарқынды түрде дамып, халықаралық арена-

да салмақты сыртқы саяси көзқарасы бар беделді мемлекет ретінде орнықты.

Тәуелсіздіктің жаршысы мен құрдасы Ясауи Университетінің тарихы еліміздің жаңа кезеңімен тығыз байланысты. Егемен елдің алғашқы Халықаралық жоғары оқу орны ұжымы атынан әрбір шаңыраққа бақыт, шаттық және қуаныш тілеймін!

Бейбітшілігіміз баянды, Тұғырымыз биік, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Университет ректоры:  
Жанар ТЕМІРБЕКОВА



## «ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ ӨТТІ

Университетімізде 16-желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – тұғырым» атты мерекелік концерт өтті. Салтанатты кеш Қазақстан мен Түркия Республикаларының әнұранын шырқаумен бастау алды.

Жиынды ашып беру үшін алғашқы құттықтау сөз тізгінін алған университет ректоры Жанар Темірбекова баршаны ҚР Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтап, ыстық лебізін жеткізді.

«Тәуелсіздік – ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, талай ата-бабамыз аңсап жеткен асыл арманы! Сондықтан, Тәуелсіздіктің қалай келгенін, оның терең тарихын, осы жолда жанын пидә еткен ұлт жанашырларының еңбегін жастар қашанда біліп, санамен түсінуі керек.

Елімізге қызмет ететін, ғылыми потенциалын дамытып, мемлекет дамуына үлес қосатын сіздер мен біздер осындай бейбіт күннің ақ таңында, жақсы күндерде бас қосайық. Еліміз

көркейе түсіп, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!»,- деді ректор.

Келесі сөз ректор өкілі Пейами Батталға берілді. Ол қазақ халқын Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтап, тәуелсіздіктен асқан бақыт пен байлықтың жоқ екені туралы ой толғауымен бөлісті.

Кеш арнайы мерекелік концертпен ұласты. «Атамекен» ұлттық аспаптар фольклорлық ансамблі Сүгірдің күйін шертіп, көптің рухын көтеріп, қошетеметіне бөленді. «Бисұлтан» би ансамблі мың бұрала би биледі. Университетіміздің жас өнерпаздары да патриоттық әндер шырқап, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Іс-шара соңында Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында оқу ордамыздың бірқатар профессор-оқытушылары арнайы марапатталды. Атап айтқанда, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының және Түркістан қаласының әкімі Нұрбол Тұрашбековтің алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар, өзге де оқытушылар мен қызметкерлер университетіміздің 30 жылдық мерейтой тәсбелгісін иемденді.

## ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

## АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ ЕЛІМІЗДЕГІ ЖЕКЕ КЛИНИКАСЫ БАР КЛАССИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ БІРДЕН БІР ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ

Армысыздар көзі қарақты қадірлі оқырмандарым! Сіздерге ғылым мен медицинаға қатысты керемет һәм айшықты жаңалықты жеткізбекпін.

Түркілер төрі Түркістандағы іргелі қара шаңырақ – Қожа Ахмет Ясауи университетінің Клиника-диагностикалық орталығы мен Түркістан қалалық балалар ауруханасының мамандары тізе қосып, елімізде бұрын-соңды жасалмаған жаңа туған қыз баланың қуық экстрофиясына жалпы коррекциялық емдеу отасы сәтті жасалғанын қуанышпен жеткіземін.

Атап өту керек, Ахмет Ясауи университеті еліміздегі жеке клиникасы бар классикалық бағыттағы бірден бір жоғары оқу орны. Мұнда студенттердің 35% Медицина және Стоматология факультеттерінде білім алып, университеттің Клиника-диагностикалық орталығында практикалық тәжірибеден өтеді.

Елімізде тұңғыш рет жасалған бұл отаға университеттің «Ана жұрттан ата жұртқа – денсаулық көпірі» жобасы аясында Түркиядан арнайы келген дәрігер, Бурса Улудаг университеті Медицина факультетінің профессоры, балалар урологы Низамитдин Кылыч хирургиялық тұрғыда жетекшілік жасады. Айта кету керек, әрбірі шамамен 5-6 сағатты құрайтын бұл оталар – балалар урологиясы саласындағы ең күрделі оталар болып табылады. Бірегей хирург бастаған операцияға университеттің профессоры Юнус Сөйлет және білікті балалар дәрігері Вахид Таировтар да отаның сәтті өтуіне мұрындық болды. Сондай-ақ жаңа туған қыз балаға қуық экстрофиясы жалпы түзету әдісі негізінде емдеу жүргізілді. Оған қоса, науқастың ажыраған жамбас сүйектері біріктірілді. Нәрестеге бұған дейін 6 рет операция жасалған және гипоспадиямен ауыратын тағы бір науқастың да отасы сәтті аяқталғанын атап өткім келеді.

Түркиялық дәрігер Низамитдин Кылыч тек ота жасап қана қоймай, науқастарға кеңес беріп, оқу орнының Медицина факультеті студенттеріне «Балалар урологиясындағы науқастарға көзқарас» тақырыбында теориялық тренингтер өткізуде.

Ясауи университетінің «Ана жұрттан ата жұртқа – денсаулық көпірі» атты бірегей жобасы Қазақстан мен Түркия Республикалары және тұтас Түркі Дүниесі деңгейінде денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатын көздейді. Аталған жоба аясында бауырлас елдердің медицина мамандары біліктілік арттырып, өзара тәжірибе алмасуда. Осының нәтижесінде бауырлас Түркия Республикасының денсаулық сақтау саласындағы озық тәжірибесін еліміздің медицинасын дамыту мақсатында іске асырудың мүмкіндігі артып отыр.

Ортағасырлық медицина ғалымы Ибн Синадан: «Медицина — саулықты сақтау, науқасты кеселден айықтыру үшін адам тәнін зерттейтін ғылым», — деген керемет тәмсіл қалған. Адам жанына араша болып, медицина саласында сәтті ота жасаған білікті дәрігерлер мен Ясауи университетінің ұжымына сәттіліктер серік болып, әрдайым толымды табыстарға қол жеткізсін деген тілектестік білдіреміз!

Саясат Нұрбек  
ҚР Ғылым және Жоғары білім министрі



## Қосдипломды білім беру бағдарламалары бекітілді

Ахмет Ясауи университеті мен Муғла Сытқы Кочман университеті арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық жаңа кезең көшті. Енді екі университет арасында қосдипломды білім беру жүйесі іске асады. Университетіміздің ректоры Жанар Темірбекова жаз мезгілінде Түркия Республикасына арнайы қызметтік іс-сапары барып, Муғла Сытқы Кочман университетінің ректоры Турхан Качармен кездескен болатын. Сол кезде тараптар бірлесе отырып, сапалы мамандарды дайындайтын білім бағдарламаларын енгізуге уағдаласқан еді.

Өзара ынтымақтастықтың табысты нәтижесінде университетіміздің Экономика, басқару және құқық факультетінің Менеджмент және туризм кафедрасына қарасты «Туризм» және «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламалары Түркияның Жоғары білім беру кеңесінде (ҮОК) қосдипломды білім беру бағдарламалары болып бекітілді.

Елімізге, әсіресе Түркістан секілді туризм индустриясы қарқынды дамып келе жатқан өңірге аса қажетті салаларда қосдипломды білім беру бағдарламаларын ашылуы болашақта

шәкірттеріміздің бәсекеге қабілетті болуына септігін тигізеді. Енді студенттеріміз бірден халықаралық деңгейдегі екі бірдей диплом ала алады: қазақстандық және түркиялық.

Қосдипломды білім алу арқылы студенттер Ахмет Ясауи университетінде

оқи жүріп, белгілі бір кезең ішінде серіктес Муғла Сытқы Кочман университетіне де оқуға бара алады. Алдағы уақытта университетіміз өзінің халықаралық серіктесімен бірлесіп, «Туризм» және «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» мамандықтары бойынша білікті кадрлар дайындайды



## БІР ӨННІҢ ТАҒДЫРЫ

**Осы жылдың оныншы шілдесінде біздің шаңыраққа бірге тумасақ та туысымдай болған менің Бауыржан інім отбасымен бірге қонаққа келді. Екеуіміз Халықаралық «Болашақ» бағдарламасымен 2022 жылдың қараша, желтоқсан айларында В.М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде бірге тағылымдамадан өтіп, орыс жерінде бауыр болып, қызық пен ерекше құндылыққа ие күндерді бірге өткізген болатынбыз.**

Жан-жарымның қонақтарға арнап әзірлеп, асқан етін жеп, қаламыздың көрікті жерлерін тамашалауға шықтық. Бауыржан інімнің астына мінген әдемі, ақ тұлпары «Toyota Land Cruiser» көлігімен ең әуелі Отырарда орын тепкен, Бабтардың бабы атанған қасиетті Арыстан баб кесенесіне барып, бабалардың әуағына арнап, құран бағыштадық. Осы зираттан жай бұйырып, мәңгілікке тыныстаған, қазақ жұртының келешегі үшін барын берген, аты аңызға айналған азамат, қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің кесенесіне де ат басын тіредік. Түркістанға келген бетте, әулиелілігімен әлемге танылып, сопылық ілімнің негізін салған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесіне келіп, сонда жерленген қазақ хандары мен билеріне, батырлары мен сұлтандарына дұға жасап, бет сипастық. Ертенгі болашағымыздың тұрақтылығы мен ұрпағымыздың жарқын келешегі үшін Жаратушыдан тілек тіледік. Түн жарымынан ауа үйімізге келдік. Таң арқан бойы көтерілгенше әңгімеміз үзілмеді. Естеліктер айттық. Балаларымыздың бүгінгі кештен алған әсерлерін тыңдадық. Домбырамен ән шырқаддық. Бауыржан өзінің қоңыр дауысымен домбырада керемет бір ән орындады. Өннің әсерлі болғаны сол, оның тарихын білуге асығып, Бауыржанға қарай сұрақты қарша бораттық.

«1990 жылдары Семейдің Мақаншы (қазіргі таңда мұнда еліміздің іргелі «Алакөл» туристік орталығы орналасқан) ауданынан Құрбанов деген ақын ағамыз біздің Абай ауданымыздың орталығы Қарауылға бір аптадан аса уақытқа іс-сапармен келіпті», - деп, Бауыржан інім сөзін бастады. «Абай атамыздың табаны тиген, жүрген жерлерді аралап, ғажап атамызға таң қалады. Осындағы көптеген ақын-жазушылармен кездесіп, әңгіме-дүкен құрады. Елдің ықыласына, зор қошеметіне бөленеді. Қайтар жолда Қарауылдан біздің ауылымыз бұрынғы Бірлік совхозы, қазіргі Көкбайға келеді. Мұнан соң, отыз километр Құндызды, әрі қарай Аяғөз арқылы Мақаншыға кетеді» деп, Бауыржан сөзін әрі қарай сабақтады. «Міне, осы аралықтарда келе жатып, ақынның шабыты оянады. «Шабыт деген келмейді жайшылықта, Шабыт деген келеді қайшылықта» демекші, ағамыз бұл сапарындағы алған әсері мен өзінің ризашылығын өлеңмен өрнектеп, үлкен толғансыпен, көңіл пернесіндегі сезімін көркем шумақтар арқылы жеткізді. Тиісінше, осы жазған өлеңіне дем беріп, қайырмасын да келістіріп жазыпты. Біздің ауылға аялдап, совхоз директоры Кошкин Сайлауға жазған өлеңін табыстап, қалдырып кетеді. Сол кездері менің анам Фарид Нүрділдәқызы ауылдағы мәдениет үйінің меңгерушісі екен. Сөзімнің жалаң болмауы және әңгіме ме тұздық болу үшін, анамның әкесі, нағашы атам Нүрділдә ақсақал туралы да бір сөз айта кетейін.

Нағашы атам Сарбасов Нүрділдә – 1941 жылы ба-сталып 1945 жылдың 9-ыншы мамырында аяқталған, өзіміз ерекше әспеттеп «Ұлы Отан соғысы» деп атау берген, сұрапыл соғысқа қатысқан майдангер, соғыс ардагері. Сол қан майданда сапәр болып, от пен оқтың арасында жүрген. «Алланың өлшеп берген уақыты бітпей, жейтін талқаны таусылмаған болуы керек» бір жеріне оқ тиіп жараланбастан, елге аман-есен оралады. Соғыстан келгенін ұстаздық етіп, бала тәрбиесімен айналысады. Айта кетейін, оның ерекше қасиеті – өнер десе ішкен асын жерге қойған нағыз талант иесі болыпты. Өнерді жанындай жақсы көргені соншалық, астындағы қара жүйрік бәйге атын бір сырнайға айырбастан, ауыл-аймақтың барлық жиындарында өкн салып, ажарлы әңгімесімен той көрігін қыздырған екен деген әңгімелерді бала күнімеді естігенмін.

Хош сонымен, совхоз директоры Сайлау ағамыз: «... айналайын Фарид, егер мүмкіндік болса, осы өлеңге ән шығарып көрерсіңдер. Құрбанов деген ақын маған аманат дүние ретінде қалдырып еді» деп, анамның қолына өлі де сиясы кеуіп үлгермеген, бір парақ қағазды береді. Зырығып бара жатқан уақытқа қараңыз. Сол әннің де шыққанына отыз жылға жуық уақыт болыпты.

Көрседі қалардай жан күнде қайран,  
Күнде той Абай жері, күнде мейрам.  
Өнердің өзен-көлі тұнып тұрған  
Айналдым қасиетті Жидебайдан!

Қайырмасы:

Сенде ержеткен  
Абай, Мұхтар.  
Абай, Мұхтар.  
Не деген бақытты едің,  
Абайлықтар!  
Кәусары шарапатты Қасқабұлақ,  
Барма екен сен де арман, басқа мұрат.  
Топырақ Мұхтар туған, дара тұлға  
Киелі, қасиетті, ақ шаңырақ.  
Мейманын күткен елі, төреше асқақ,  
Бүгіні, келер таңы, ерекше атпақ,  
Шәкәрім бабамызға пана болған.  
Бас идім Бақанас пен Балашақпақ!

Міне, сол күннен бері ауылға немесе ауданға үлкенді-кішілі қонақтар келсе, не бір жиындар, я бол-маса мерекелік кештер мен концерттер, құдалық пен той бола қалса, соның барлығы «Абайлықтар» әнісіз басталмайды. Бір сөзбен айтқанда, ауданымыздың төлқұжатына айналған ән десек те болады. Себебі,

осы шағын ғана әнде Абай ауданына қатысты тың мәлімет, жер, су аттары келтірілген. Шынтуайтына келгенде, егер де тыңдасаңыз, Абай елін таныстырғандай әсер аласыз.

Түсініктірек болу үшін, ендігі кезек те сол жер, су аттарына тоқталып өтейін.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының «Бел-белесте» деп аталатын тарауында: «Күн түске жетпей-ақ Бақанас бойы қайнап, шыжып кететін. Абай, Оспан, Смағұл және басқа балалар Бақанас суына шомылып жатыр ...», яғни, бұл – өзен атауы.

Бақанасқа қатысты тағы бір ақпарат, Алматы об-лысы, Балқаш ауданындағы Бақанас – ауылдық округ орталығы. Демек, бұл, Бақанас атауы еліміздің екі жерінде кездеседі деген сөз».

Бауыржанның бұл сөзіне менің де қосарым бар. Іле өзені бойында орын тепкен, Бақанас та тұратын Қайрат құдаман Бақанастың не себепті бұлай ата-луы туралы сұрағанымда, мына жайларды тілге тиек етіп еді. «Біздің Бақанаста Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыз туылған. Ауылымызда ол кісіге ар-налып, арнайы мемориалды кешен салынды. Есімі құрмет тақтасына жазылып, мәрмәрдан қашалған атамыздың ескерткіші орнатылды (бір барған кезімде мен оны көрдім). Жер атауына қатысты көнекез қарилардан естігенім бойынша, аңыз болып, бізге екі дерек жетті. Біріншісі, «өзен суын өлшеген кезде сырық бойламаған екен» дейді. Ал екіншісі, «қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс кезіндегі бір жағдайдың орын алуы. Жасынан ат жалын тартып, жер жағдайын біліп өскен қазақтар құмырсқадай қаптаған қалмақ әскерін судан тарықтыру үшін, Іле өзенінің арнасын басқа жаққа бұрады. Күн ыстық. Әскер арасында ауру жайлап, су тапшылығы басталады. Ол аздай қалың әскер аштықтан қырыла бастайды. Амалсыздықтан қаңсыған өзен арнасында қалған бақаларды қалмақтар асып жейді. Сол уақыттардан бастап «бақа бас», «бақа ас», бертін келе «Бақанас» аталыпты.

Хош, сонымен, әрі қарай Бауыржанға сөздің кезегін берейік.

«Алғашқы айтарым, Абай ауданынан он бір километр жерде орналасқан – Жидебай туралы. Жи-дебай Абай атамыздың ата қонысы болған екен. Кезінде Қарауыл өзенінің жанындағы жақсы қорық, шұрайлы жерді тобықты руының Жігітек деген ата-сы мекен еткен. XIX ғасырдың орта тұсында Жи-дебайды Борсықбай, Барақты, аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлы атамыз иеленіп, сол жерден қыстау салдырған. 1850 жылдары Құнанбай Жидебайдан он бес шақырым жердегі Ескі там қонысында медресе салып, өзінің туыстарын, балаларын оқытқан. Біздің Абай атамыз да сегіз жасынан бастап, осы медреседе сауатын ашқан.

Абай атамыз осындай игілікті істі бүкіл жан-дүниесімен саналы түрде түсініп, ер жетеді. Ардақ тұтқан әкесі Құнанбай секілді, ол да төрт құбыласын даналықпен бағамдап, ақыл мен ақындықты теңестірген кемел шағында, парасаттылықпен Жи-дебайда өз қаражатымен медресе салдырады. Құнанбай қажы атамыз дүние салған соң, 1885 жылы аталған қоныс Құнанбай қажы атамыздың жары Ұлжаннан туған, Абайдың інісі Оспанның еншісіне тиеді. Алайда, 1891 жылы Оспан қайтыс болып, бұл қыстау Абай атамыздың иелігіне көшеді. Қазіргі күні мұнда ақын атамыздың мұражайы жұмыс істеп тұр. Бір таңқаларлығы, бұл жер – Евразия материгінің нақ орталығы болып саналады. Мұражайдың алдында «Еуразия кеңістігінің кіндігі» деген жазу пирамида пішіндес құлпытастың төрт қабырғасында төрт тілде жазылып тұрғанын барған жұрттың бірі біледі. Граниттен жасалған шағын мүсіннің биіктігі белуардан аспайды. Бірақ оның орналасқан орны мен сырлы символикасы қоңыр тастың қадірі мен маңызын мың есе арттырып тұр.

«Кәусары шарапатты Қасқабұлақ, бар ма екен сенде де арман, басқа мұрат» деген әдемі сөзі осы араға берілген – баға. Қасқабұлаққа қатысты деректі тағы да нақтылай түсейін. Бұл – Құнанбай қажының 41 жасында Ұлжан деген бәйбішесінен Шыңғыс болысына қарасты, Сырт Қасқабұлақта, 1845 жылдың 10 тамы-зы күні Абай атамыздың дүниеге келген, кіндік қаны тамған жері.

Абай ауданындағы Балашақпақ деген жер Абай атамыздың жаз жайлауы болған. 23 маусым 1904 жылы Абай атамыз өмірден қайтады. Қазақтың «өлдікті жөнелту» салтымен, ақын атамыздың мәйіті Балашақпақта үш күн түнелтіліп, төртінші күні Жидебайға жеткізіледі. Сөзім дәлелді бол-сын, Балашақпаққа қатысты тағы да бір тың дерек келтірейін. Балашақпақ тауының ортасында Байқошар деген өзен бар. Осы арада Шыңғыстың төрт жайлауы саналатын Жігітек ауылы орналасқан.

Нақтылық үшін, аз-кем тағы да ата-баба тарихына бет бұрамын. Біздің түбіріміздің төркіні Өнет баба-мыздан бастау алады. Оның руы – тобықты. Жас кезінде Бұхар-шарифте найман Сарышуаш жырау-мен бірге медресе бітірген. Ислам қағидаларына, шариғат ережелеріне жүйрік болған. Әділдігімен, діндарлығымен аты шыққан. Өнет баба – тек тобықтыға ғана емес, исі қазаққа қадірменді, алты Алашқа әйгілі қарт баба. Қазақтың әйгілі төбе билері Төле, Қазыбек, Әйтекелерге, «көмекей әулие» атанған Бұқар жырауға батасын берген. Осы бабамыздың інісі Әйтек, оның ұрпағы Олжай. Олжайдан үш ұл Айдос, Қайдос, Жандос тарайды.

«Қазақ пен қалмақ арасында жан алысып, жан беріскен соғыс уақыты екен» дейді, көнекез қариялар бір әңгіменің тиегін ағытып. «Олжайдың екінші ұлы Қайдос жау қолынан қаза табады. Жесірі мен жетімін жылатпаған қазақ дәстүріне сай, емеңгерлік жолмен Қайдостың әйелі қайнағасына шығу керек болатын. Бір өкініштісі, қырсық шалып, қызғаныштың қыжылымен олай болмады. Сол реніштің кесірінен, Айсана әдейі

қалмаққа сатылып кеткен сартқа тиіп, «қазаққа таңба болсын» деп, балаларын алып, елден қашып кетеді. Мұны естіген үлкен жеңгесі Айпара: «бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» деген сөз бар, өлімнен ұят күшті. Жауда қалып жауаңдамасын, қайтсең де алып кел» деп, тоғыз жастағы Жандосты қалмақтың еліне аттандырады. Үлкен қажыр-қайрат көрсетіп, қалың қалмақпен соғысады. Айсана жеңгесі мен оның екі баласы Бөкенші мен Борсақты ботасы өлкен түйенің екі емшегіне теліп, емізіп, қоржынның екі басына екеуін салып, елге аман-есен оралады. Мұны көрген ел ақсақалдары Жандостың ерлігіне сүйсініп, жігіт-ақ екенсің деп баға беріп, тамсананды. Сол уақыттан бастап, оның Жандос аты ұмытылып, жігіт-ақ, келе-келе Жігітек аталады.

Балашақпақта «осыдан қамыс сілтер қапталға қарай жүрсеніз» дейді, үш метр жерде Шәкәрімнің Қарабұлақ жайлауы орналасқан. «Жапанда жалғыз жаттым елден бөзіп, Жалықсам аң қараймын тау-ды кезіп» деп ақынның өзі жырға қосқан – елсіз тау, ен дала. Шәкәрімнің өмірінің соңғы күндері өткен «Саят қора», яғни елдің қақ-соғынан бөзіп, жеке шығармашылықпен, ізденіспен айналысып, дала кезіп, оңаша күй кешкен – қасиетті орны. Балашақпақтағы Қарабұлақ басында аң аулап, саман кірпіштен там салып алады. Естігенім бойынша тағы бір тың ақпарат бере кетейін. Шәкәрім атамыздың тағдыры аяншы-ты өліммен аяқталған екен. Сондай көңілсіз жайдың болғандығын растайтын, диктор Қуат Ахметжановтың жазбасындағы: «Қазақ әдебиеті» газетінің 1983 жылғы 9 маусымының 7-інші, 9-ыншы сандарында «Шәкірімді кім атты? Не үшін атты?» деген тақырыпта Евней Буке-тов пен Абзал Қарасартовтың магнитофонға жазылып алынған әңгімесі басылды» деп басталатын мағалымның тыңдағанда, «төбе шашым тік тұрып», есеңгіреп қалдым. Өз асылымызды бағаламай, лағынет атырқы кеңес үкіметінің саясатына алданған аңғау қазағымның мәңгірттігіне налыдым.

Сөзімді Абай атамызға байланысты айтылған тағы бір әңгімемен аяқтағым келеді. Қазақ әдебиеті, соның ішінде қазақ жазба әдебиетінің алыбы Мұхтар Омарханұлы Әуезов өзінің естелігінде Абайға қатысты мынандай керемет эпизодты келтіреді: «Әбіш өмірден өткенде, Абайдың айтқан бір сөзі бар: « ... мен – ескінің соңы едім, ол – жаңаның басы еді» деген. Арада көп уақыт өтпей Әбіштен кейін Мағауия (Мағаш) да мезгілсіз келген ажалмен табысып, пәни жалғанмен қош айтысады. Оның денесін «Ақшоқы» биігіне жерлеу үшін алып бара жатқан арбаның алдын түсіп, Абай атамыз жаяу жүріп, жолда кездескен ірілі-ұсақты сүйір тастарды етегіне жинайды. Сұрағандарға «қазір осы қолмен Мағашымның сүйегі салынған арба өтеді. Бұл тастар арбаның дөңгелегін сындыруы мүмкін, Мағашымның денесіне батпасың» деген екен. Бұл баласын сондай жақсы көрген. Жерлеуге өкп, көрге салар тұста « ... асықпаңдар, мен қоштасамын» деп, бетін аштырып, еңкейіп, ұлының құлағына «аз күнде мен де келем» деп сыбырлапты. Мағауияны қойғаннан кейін, зират басынан ең соңынан Абайдың өзі шыққанда, атқосшысы Баймағамбет: «Абай аға бірақ сәтте қартайып шықты, сол күні сақал-шашы аппақ боп» дейді. Сөйтіп, үйіне келген соң жатып ап, ах ұрып, тұрмай қояды. Азалы хабарды естіген, ауызы дуалы елдің игі-жайсандары көңіл айтуға келеді. Солардың ішінде жуантаяқтан шыққан бір ақсақал:

Ақсұңқар аспанға ұшты,

Берінен тағдыр күшті.

Жиналған көпшілік келді

Орнынан тұр Абай,- деген екен.

Мағауияны қыранға емес, бүркітке емес немесе басқа да құстарға теңеген жоқ. Тек «ақсұңқар» деп аса жоғары бағалап, құрметтеп тұр. Көпшілік дегені бұл арада – халық. Ал, халық дегеніміз – Алланың бір аты. Мұны естіген Абай жастығынан басын көтеріп, орны-нан тұрып, жиналған көпшілікке өлеңмен:

Бұл Мағаш мағанда жоқ, сағанда жоқ,

Мағаштай бала тумас көңілге тоқ.

Аз күнде дүниеде мен де кетем

Мағанда зар боларсың жиналған көп, - деген екен.

Мағауияның қырық күндік асын өткізіп, таңда Абайдың да өзі өмірден озады. Яғни, «аз күнде менде кетем» дегені – сол. Мағауияны жерлеген кезде, сыртынан қарап, бақылап тұрған Баймағамбет Абайдың бөліндегі кісе бөлікті шешіп алып, мойнына салып: «Әй тәтеке, (Абай әкесі Құнанбайды «тәте» деген) әруақты ер едің, мені Мағашымның артына қойма, ал қасыңа. Мақашым тәрік еткен өмірді, мен де талақ еттім» деп Құнанбайдың зиратын үш айналып жіберді. Тоқтау айтып үлгерме алмай қалдым» дейді. Сол жасаған дұғасы, сол айтқан сөзі қабыл боп, Абай атамыз өмірден өтеді. Осы сөздерді жазған Әуезов, сөзінің соңында: «Үлкен жүректің иесі тоқтады» деген қимастық күрсінісін жеткізеді» деп, Бауыржан сөзін зор толғансыпен аяқтады.

Құрметті оқырман. Бұл әңгімедегі түйін, жоғарыда айтылған «Абайлықтар» әні бір ғана өңірге тиесілі емес. «Әннің де естісі бар, есері бар» деп жырлаған, Абайдай данасы бар Ұлы қазақ халқына ортақ шығарма екендігіне ешкімнің күмәні болмас. Өнердің туы жығылмасын. Қазақтың бірлігін аңсаған, білім мен ғылымға ұмтылған өскелең жастары бар елге айнала-рына сенген, Абайдың сөзі мен тілегі біздерге аманат екенін ұмытпайық. Тағылымды тарихы тұнып тұрған қазақтың, әлем елдерінің көш басына шығар кезінде, болашақ ұрпағымыздың сол көшті бастар кемелгерлік деңгейге жетері де ақиқат.

**Данияров Талғат Әубәкірұлы**  
Педагогика ғылымдарының кандидаты,  
профессор

## ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМ

## Студенттер беті

## АУДИТОРИЯ

ЕЛІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ - ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ  
ЗОР БАҚЫТЫ

«Тәуелсіздік»... Осынау тарихқа тұнған ұлы сөзді естігенде «Мен қазақпын» деген әрбір жанның жүрегінде үлкен сезім орнайды. Себебі, сонау алмағайып кезеңдерде қазақ халқы үшін қымбатқа түскен, ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы болған осы тәуелсіздік еді. Біз бұл кезеңді көрмесек те, қазақтың таңғажайып тарихын, деректерін оқу арқылы білеміз. Бұл қол жетпес бақытқа жету жолында Алаш ардақтыларының басын бәйгеге тіккені, әсіресе 1986 жылы болған Желтоқсан оқиғасына қатысқан қайсар аға-апаларымыздың ұмытылмас ерліктері көз алдымызға елестейді.

Жер бетіндегі қарапайым тірі жандарға зер салсақ та, олардың өз бетімен ешкімге бағынышсыз тіршілік етіп жатқанын байқаймыз, тіпті көк байрағымыздың символы болған қыран құс та аспанда еркін самғағысы келеді емес пе!



Тәуелсіздік – еліміздің баға жетпес байлығы. Тәуелсіз – әлемдегі ең құдіретті сөз. Ел еркіндігі. Қазақстан тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп жатқанына 32 жыл. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемде жеке дара дербез ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды.

1991 жылы 16 желтоқсанда әлем картасында жаңа жас Қазақстан Республикасы пайда болды. Бұл тәуелсіздік қанша ғасырдан бері армандап келе жатқан бұрынғы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы, аналарымыздың көз жасы. Қазақстанның

тәуелсіздігін алғаш мойындаған түбі бір Түркия елі. Тек бір ел ғана емес, барша әлем елдері мойындап, қолдау көрсетті. Еркіндікке қол жеткізген жас мемлекеттің алдында жасалынатын көптеген жұмыстар тұрды. Өзінің ішкі және сыртқы саясатын, экономикасы мен валютасын қалыптастыру сынды жауапты жұмыстар тұрды. Осының бәрін отыз екі жылда орындап, әлем жұртының алдында өзіннің даңқты ел екенін мойындата білді. 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап, оның құрамындағы елдер өз алдына жеке мемлекет болып жатты. Солардың қатарында Қазақстан да бар. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстанның Жоғарғы кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заң қабылдады.

«Меніңше, Тәуелсіздік күні тек ресми бекітілген мерекелік дата ғана болуға тиіс емес. Бұл күннің анағұрлым маңызы үлкен мазмұны бар. Ол тәуелсіздік жолындағы күрестің нүктесін қоюмен бірге, оның басталған күні де болды. Бүгін әр қазақстандық оны өзінің жеке тәуелсіздігі мен табысты күні есебінде мерекелей алады», - деген болатын Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде.

Қазақстан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында еліміз басынан талай нәубетті – азапты да, аштықты да, сұм соғысты да өткерді. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы бабаларымыз.

Қазіргі таңда тәуелсіздік – баршамызға ерекше қасиетті күн. Бірлік, ынтымақтастық пен татулық күні. Еліміздің тәуелсіздігі халқымыздың бақыты, ғасырлар бойы аңсаған арманы. Ұлы даламызды найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап келген батыр, көреген, дана бабаларымыздың рухына тағзым ету және тамыры тереңде жатқан төл тарихымыздан тағылым алу азаматтық парызымыз.

Ербақыт НЫҒМЕТ  
4-курс студенті

# ТӘУЕЛСІЗДІК — БІЗДІҢ ЕҢ БАСТЫ ИГІЛІГІМІЗ, БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ!

1991 жылғы 16—желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік — тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде елдің әл—ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік—біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады.

Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтімен жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет—Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді. 1991 жылдың 17—желтоқсанында Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жариялануына және 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митинг болы өтті. Жиналған сан мыңдаған адамның алдына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев былай деп сөз сөйледі: «Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік... Тәуелсіздік



табалдырығында тұрған осы жан тебіренер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, туған Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз санаймын... Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Өулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең—байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына көміл сенемін».

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дербес мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-на кірді. Сонымен қоса Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкісіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін көпжақты агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды.

Қазақстан Республикасындағы ұлт саясатының бағдарламасы саяси тұрақтылықтың кепілі болып қала бермек. 2030 жылға дейінгі даму стратегиясындағы ұзақ мерзімді жеті басым бағыттың ішінде ұлттық қауіпсіздіктен кейінгі екінші орында көрсетілген. Барлық қазақстандықтардың теңдігін қамтамасыз ету үшін әділеттік принцип пен ұлтаралық татулық санасын қалыптастыру маңызды. Ол үшін Қазақстанда бірінші қазақ халқының түпкілікті ұлттық мүдделері дұрыс шешілгенде ғана өзге ұлттар мен этностық топтардың дамуына жол салынады. Әр бір азамат Қазақстан — менің Отаным, менің елім деген ұранның маңайына топтасуы керек.

Тәуелсіз даму кезеңінде ұлтаралық келісімді сақтау мен нығайтудың өз елімізге ғана тән үлгісі қалыптасты. Осыған орай Қазақстан халқы Ассамблеясының ерекше ролі туралы айтпай

кетуге болмайды. Ол шын мәнінде 16 жылдық уақыттан бері өзінің басты міндеті, ұлтаралық қатынастарды үйлестіру үшін барлық этностық топтардың мүддесін сәйкестендіретін қызметті жүзеге асырып келе жатқан құрылым болып табылады. Қазақстан Халқы Ассамблеясының беделі айтарлықтай жоғарылап, конституциялық ұйымға айналды. Парламентке өз өкілін жіберуге мүмкіндік алды. Сондықтан ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі халықаралық қоғамдастықтың тарапынан жоғары бағаланатынына ешкімді де таң қалдырмасы анық. 2010—жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-на табысты төрағалық етуіне жәрдемі тиген негізгі деректермен, дәйектердің арасында еліміздің ұлтаралық және дінаралық келісім тәжірибесі болғаны құпия емес. Халқымыздың толеранттылығы мен даналығына негізделген салмақты мемлекеттік саясаттың нәтижесінде бізге өткен жылдар бедеріндегі қандай да бір қиындықтарға қарамастан, елімізде ұлтаралық келісімді сақтауға мүмкіндік берді және бұл сөз жоқ, біздің маңызды стратегиялық ресурсымыз. Тек бірлік пен тұрақтылық жағдайында ғана келешек дамуымызға қатысты кең ауқымды міндеттер қоя аламыз.

Болашақта еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 мемлекеттердің қатарынан орын алатынына барлық қазақстандықтар күмәнсіз сенеді. Осындай секіріс жасау үшін барлық қоғамдық ресурстарды топтастыру мен жұмылдыруға тура келеді. Бай да бақуатты Қазақстан идеясы ел кеңістігіндегі ішкі ұлттық ынтымақтастықпен тиімді біртұтас рухани, мәдени, экономикалық және саяси жүйенің желісін айқындап, олардың қалыптасуына оң ықпалын тигізеді. Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып ұзақ мерзімге арналған стратегиялық дамуы жоспарын таңдап алған елдің бірі болды. 1997 жылдың 11 қазанда «Қазақстан—2030» атты ұзақ мерзімді дамуы стратегиялық бағдарламасын қабылдады. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең алдымен көршілес шет елдермен екі арадағы шекараны дәйектілікпен бекітті. «Қазақстан—Қытай мемлекеттік шекара сызығын демаркациялау туралы хаттаманы бекіту» заңына сәйкес 1999 жылы мемлекет басшылары шекаралық мәселелерді толық реттеп, құжатқа қол қойды.

Мұндай тарихи маңызы зор оқиға еліміздің халықаралық деңгейдегі талассыз беделінің арқасында келгенін және қазақ дипломатиясының сыртқы саясаттағы табысты еңбегінің нәтижесі деп білеміз. Өсіп-өркендеген және қуатты Қазақ елі Елбасы бастаған жаңғырулардың мақсаты мен мазмұны болады. Еліміздің нығайып халықаралық беделінің өскенін көрген әрбір қазақстандықтың кеудесінде мақтаныш сезімі пайда болады. Қазір іргелі тәуелсіз ел, демократиялық дәстүрді берік ұстанған қуатты мемлекет болдық.



Тарихты жасайтын тұлғалар тағлымы өскелең ұрпақтың ұлт мүддесіне қызмет етуіне жол ашып қана қоймай, әлемдік өркениеттің дамуына да ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халқы ынтымақтасып, жалпыұлттық, ұлтаралық бірлікті нығайтуға, рухани—мәдени жаңғыруға қол жеткізілді. Қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Республикамыз Кеңес империясынан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселелердің шешімін тауып, саяси, экономикалық және әлеуметтік—мәдени салаларға да реформалар жүргізілді.

## ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



**TİKA BAŞKAN YARDIMCISI DR. ÜMIT NACI YORULMAZ, AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK'İ TÜRKİSTAN'DAKI MAKAMINDA ZİYARET ETTİ**

TİKA Başkan Yardımcısı Dr. Ümit Naci Yorulmaz, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i Türkistan'daki makamında ziyaret etti. Ziyaret esnasında Rektör Dr. Zhanar Temirbekova da hazır bulundu.



**AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ 'QS WORLD SUSTAINABILITY RANKINGS 2024' SIRALAMASINA GİRDİ**

Üniversitemiz sürdürülebilir kalkınma hedeflerine ulaşma konusunda dünyanın en iyi üniversiteleri sıralamasına girdi. 1403 üniversitenin değerlendirmeye alındığı analizde, Ahmet Yesevi Üniversitesi Asya'da 362., Kazakistan'da 8. Oldu.




**ÇİMKENT AHISKA TÜRKLERİ BAŞKANI VE T.C. ÇİMKENT FAHRI KONSOLOSU LATİFŞAH ASSANOV, AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK'İ TÜRKİSTAN'DAKI MAKAMINDA ZİYARET ETTİ**

Çimkent Ahıska Türkleri Başkanı ve T.C. Çimkent Fahri Konsolosu Latifşah Assanov, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i Türkistan'daki makamında ziyaret etti.

**AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ TÜRKOLOJİ ARAŞTIRMA ENSTİTÜSÜNDE 'ÇAĞDAŞ TÜRKOLOJİ ARAŞTIRMALARI ÇALIŞTAYI' DÜZENLENDİ**

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü ve Semerkant Devlet Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü ortaklaşa uluslararası bir çalıştay düzenledi. Çalıştaya Özbekistan'dan, Türkiye'den ve Kazakistan'dan bilim insanları katıldı. Türkoloji'nin çağdaş sorunları ve bu sorunların çözümlerine yönelik bilgi paylaşımında bulunuldu.



## ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

## AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ TIP FAKÜLTESİ, ÇOCUK ÜROLOJİSİ ALANINDA YENİLİKÇİ VE BAŞARILI AMELİYATLARIYLA DIKKAT ÇEKİYOR

Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesinde yine bir ilk yaşandı. Ahmet Yesevi Tıp Fakültesi Hastanesi çocuk ürologisi uzmanları, Prof. Dr. Yunus SÖYLET, Uzm. Dr. Vohid Tairov ve Ahmet Yesevi Üniversitesine «Ana Yurttan Ata Yurda Sağlık Köprüsü» projesi kapsamında gelen çocuk ürologisi uzmanı Prof. Dr. Nizamettin Kılıç'ın katılımlarıyla 12-15 Aralık tarihleri arasında seçilmiş komplike vakalarda bir dizi ameliyatlara gerçekleştirilmiştir. Kazakistan'da ilk defa Yenidoğan kız çocuğunda mesane ekstrofisi total korreksiyon yöntemiyle tedavi edilirken aynı hastada ayrı duran pubik kemikler birleştirilmiştir. Geçmişte başarısız ameliyatlara geçiren bir başka vakada ise ürogenital yapı rekonstrükte (tekrar yapılmıştır) edilmiştir. 6 defa operasyon geçirmiş bir başka hipospadias hastası ise başarılı şekilde tedavi edilmiştir. Her operasyon yaklaşık 5-6 saat sürerken çocuk ürologisi alanının en zor ve modern yöntemle yapılan operasyonları olarak bilinmektedir. Son gün Ahmet Yesevi Tıp Fakültesi hastanesinde seçilmiş vakalar, katılımcı hekimlerle birlikte konsülte edilirken, katılımcılara çocuk ürologisinde hastaya yaklaşım temalı teorik eğitimi verilmiştir.



## AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE 'KAZAKİSTAN GENÇ DİŞ HEKİMLERİ BİRLİĞİ II. ULUSLARARASI KONGRESİ' DÜZENLENDİ

Üniversitemizde «Kazakistan Genç Diş Hekimleri Birliği II. Uluslararası Kongresi» gerçekleştirildi. Kongreye Kazakistan'ın tüm tıp kurumlarından ve Özbekistan Cumhuriyeti Taşkent Devlet Diş Hekimliği Fakültesinden öğrenciler katıldı.



## 'I. ULUSLARARASI TÜRKİSTAN UYGULAMALI ÜROLOJİ SEMPOZYUMU' GERÇEKLEŞTİ

«Ana Yurttan Ata Yurda Sağlık Köprüsü» projesi kapsamında Ahmet Yesevi Üniversitesine gelen ürologi uzmanları Prof. Dr. Mehmet ARSLAN, Prof. Dr. Ahmet ÖZTÜRK ve Prof. Dr. Selçuk GÜVEN, programları kapsamında pratik ve teorik eğitimler verdiler. Ayrıca 22-24 Kasım 2023 tarihleri arasında sağlık köprüsü programı ile gelen, bölgedeki hekimlerin, Tıp fakültesi öğrencilerinin ve Prof. Dr. Lütfi TUNÇ (Ankara), Prof. Dr. Ulanbek ZHANBYBEKULY (Astan-Kazakistan), Dr. Mansur HALILOV (Bakü-Azerbaycan), Dr. Nurzhan İSAYEV (Astan-Kazakistan), Dr. Harun UÇMAK (Konya), Dr. Ilgar MİKAYİLZADE (Bakü-Azerbaycan), Dr. Haidar ALALAIM (Konya), Dr. Abylaikhan Baigozha (Astana-Kazakistan), Dr. Atınç Tozsın (Edirne), Dr. Nurmambet Turaliev (Konya), Dr. Abdullah ALTUNHAN (Konya), Dr. Furkan GÜLDİBİ (Konya) online katılımı ve sunumları ile 1. Türkistan Uygulamalı Üroloji Sempozyumu, «The World is at your fingertips» teması ile uluslararası düzeyde gerçekleştirilmiştir. Katılımcılara sertifikaları Prof. Dr. Mehmet ARSLAN, Ahmet Yesevi Tıp Fakültesi Dekanı Prof. Dr. İhlas MOLDALIYEV ve Ahmet Yesevi Tıp Fakültesi Hastanesi başhekimisi Uzm. Dr. Mehmet Ziya GENÇER tarafından takdim edilmiştir.

Sempozyum kapsamında katılımcılar seçilmiş komplike vakalarda «perkütan nefrolitotomi» ve «transüretral rezeksiyon» operasyonlarını başarılı şekilde gerçekleştirmişlerdir. Türkistan, Çimkent ve çevre eyaletlerden yoğun katılım olduğu operasyonlar Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi Hastanesi Videolu Eğitim Salonu'ndan canlı olarak izlenmiştir. 3 gün boyunca seçilmiş hastalar Türkiye'den gelen hekimler ve Kazakistanlı meslektaşları ile birlikte konsülte edilmiştir.

Ayrıca dünyada ilk defa perkütan yöntemle karaciğer taşı operasyonunu gerçekleştiren ve kendi bulduğu «ultra-mini perkütan hepatolitotomi» yöntemiyle literatüre giren Prof. Dr. Ahmet ÖZTÜRK çevre eyaletler ve şehirlerden gelen üroloji ve genel cerrahi uzmanlarıyla «Karaciğer taşlarına yaklaşım ve ultra-mini hepatolitotomi» eğitimini gerçekleştirmiştir.

Türkiye'de ilk perkütan nefrolitotomi ameliyatını gerçekleştiren Prof. Dr. Mehmet ARSLAN, Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi Hastanesi- Türkistan Tv ortak sağlık programı olan, haftalık yayınlanan «ŞİFA» programının bu haftaki konuğu olarak Türkistan halkının üroloji alanında sorularını yanıtlamıştır.

## ЕГЕМЕНДІК

## ЕЛІМІЗДЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ЕСІМДІ НЕШЕ АЗАМАТ ТҰРАДЫ?

«Тәуелсіздік» есімді азамат бар. Ол Жетісу облысы Панфилов ауданы Көктал ауылында тұрады. Қазір 12-де. 7-сыныпта оқиды. Озат оқушы. 2011 жылы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында туған ұлының есімін әкесі ырымдап қойыпты. Өйткені, «Желтоқсанда» қаза болған Ләззат Асанова Көкталда туса, Ербол Сыпатаев - Панфиловтың тумасы. «Тәуелсіздік үшін құрбан болған азаматтар ерлігі ұмытылмауы тиіс. Солардың құрметіне және егемендіктің қадірін біліп жүрсін деп «Тәуелсіздік» есімін бердім», - дейді әкесі Батырбек Нүсіпов.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше елімізде «Тәуелсіз» есімді - 2, «Егемен» есімді - 24, «Бостандық» атты 83 адам бар екен. Олардың ата-аналары да ұрпағым еркіндікті бағаласын деген ниетпен қойған болар деп топшылаймыз. Ал бізді Тәуелсіздіктің әкесі Батырбектің «Балам тәуелсіздік қадірін біліп жүрсін» деген сөзі ойлантты. Шынында, биыл егемендік алғанымызға - 32 жыл. Бүгінге дейін мақтанарлық жетістіктер де, сан соқтырар қателіктер де болды. Қазір де әлемдік геосаяси жағдайға қарасақ, жан-жақтан төніп тұрған қатер аз емес. 32 жыл тарихи тұрғыда аз болғанымен, өзгеруге жеткілікті сияқты да көрінеді. 3 ғасырға созылған қиындықтан кейін тарихтың өзі берген мүмкіндікті қаншалықты тиімді пайдаланып жүрміз? Қандай қоғам құрдық? Жас ұрпақтың санасы еркін бе? Бәрімізді біріктіретін ортақ құндылықтарымыз бар ма? Шекара. Рәміздер. Валюта. Конституция. Бұл мемлекеттің басты белгілері. Ең маңыздысы – шекара. Өйткені кез келген қақтығыс осы тұстағы даудан басталады.

<https://qazaqstan.tv/news/186413/>

## ЖЕЛТОҚСАН - АЗАТТЫҚТЫҢ БАСТАМАСЫ

Осыдан 37 жыл бұрын, яғни 1986 жылы желтоқсан оқиғасы болды. Бұл оқиға Алматы жастарының ереуілі болды. Бұл ерлік пен өрлік, қайғы мен қасірет мидай араласқан әрі жарқын, әрі қаралы күн еді. Радиодан төтенше хабардың белгісі берілді. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумында Д. Қонаевтың зейнеткерлікке шығуына байланысты Республика компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы міндетінен босатылды. Оның орнына Ресейден келген Г. В. Колбин сайланды. Төтенше өткен пленум 18 минутта аяқталды.

Асығыс өткен пленум шешімі дүйім қазақ халқымен санаспаушылық болып табылды. Пленум шешіміне көңілі толмаған халықтың жүрегінде наразылық ұшқыны лаулай түсті. Олардың ойы халықтың құқықтары мен проблемалары туралы сөз жүргізу еді. Алайда оларды бір қолында шоқпары, бір қолында қалқаны бар қарулы, сақадай сай әскерлер қарсы алды. Бейбіт шеруге шыққан жастардың бейбіт тілегі ағаш жаңқасындай бытшыт болып ұшып жатты.

Үкімет үйінде жастар шеруін қуғындау үшін астыртын «Құйын — 1986» деген оперативті жоспар құрылып жатты. Ал алаңдағы жастар жайбарақат еді, аңғал еді, алаңсыз еді.

Сол кездегі үкімет басшыларының бұйрығымен күш көрсетілді. Алматы гарнизонын жауынгерлік дайындыққа келтіріп, көп күшпен алаңдағы жастарды қоршап алды. Алматыға әр аймақтардан әскердің арнайы бөлімдері жіберілді. Өз елінің тәуелсіздігін талап етіп, шеруге шыққан жастарға «Бұзақылар», «Ұлтшылдар», «Нашақорлар» — деген

кіне тағылды.

Көптеген студент жастар түрмеге қамалды, оқу орнынан шығарылды. Желтоқсан оқиғасында ерен ерлігімен көзге түсіп, құрбан болғандар өте көп, солардың бірі Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова тағы басқа мыңдаған қыршындардың қанатын қиып түскен озбырлық күні, өктемдік үні еді. Бұл оқиға сол себепті де тарихта желтоқсан оқиғасы деген атпен қалды. Еліміздің сан ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігіне де қол жеткіздік. Бұл бірақ оңайлықпен келген жоқ. Ел егемендігі жолында құрбан болған аға-әпкелердің есімдері ел есінде мәңгілікке сақталады. Желтоқсанның ызғары да, қатып қалған мұздары да, қазақ жастарын қорқыта алмады, қайсарлықпен бодандыққа қарсы тұрған желтоқсаншы жастарға бас иеміз! Ата-бабалардың аңсауымен, желтоқсаншы жастардың қайсарлығымен Тәуелсіздік есіктен еніп, жанымызға шаттық сыйлағалы міне 32 жыл, 32 жас. Отыз екі жылда ел жаңарды, еліміз көркейіп, жеріміз жандануда, бар әлемнің назары біздің елімізде.

Қазақстанды бүкіл әлем таниды десек қате айтқанымыз емес. Аз уақытта бойын тіктеп, басқа шет елдерге үлгі бола білген еліміздің 32 жылдығы, 32 жасы құтты болсын қазақ елі! Қазақтығымыз бітпесін, азат күніміз бітпесін!

**Зағипа Әбен,**  
4-курс студенті



**Ясауи университеті**

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Кожая Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.

Медиа және PR орталығы:

журналистер:  
«Журналистика» кафедрасының студенттері

Фото маманы:  
Нахып ШЫНТЕМИРОВ

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.

Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.